





Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қанишалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, нысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша 2024 жылғы қыркүйектегі сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына мониторинг жүргізу негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу 2024.04.09 қарай қалыптасқан деректер

2024 жылдың тамыз аймен салыстырғанда қыркүйек айында депозит нарығында сыйақы мөлшерлемелері былайша өзгерді:

-  2 қатысушы банк – мерзімсіз депозиттер бойынша;
-  1 қатысушы банк – мерзімді депозиттер бойынша;
-  2 қатысушы банк толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады;
-  4 қатысушы банк толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры тағы да еске салады, әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақылардың қандай болатындығын өзінің ішкі депозиттік саясатына сүйене отырып, өзі шешеді. Дегенмен банктер Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарыққа қатысушы басқа да банктердің мөлшерлемелеріне қарап, бағдар түзейтіндігі белгілі.

2024 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-несие саясаты бойынша комитеті базалық мөлшерлемені дәлізі +/- 1 п.т. болатын, жылдық 14,25% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Осы талдауды жазу сәтінде депозит нарығында мөлшерлемелердің тұрақталғаны байқалуда. Алайда депозит нарығының жекелеген учаскелері мөлшерлемелерін жоғарылау/төмендеу жағына қарай қайта қарап жатыр. Бұл сөзсіз ішкі депозиттік саясатқа тығыз байланысты.



Мерзімсіз салымдар¹

Депозит нарығында 19 қатысушы банктің 16-ысы өздерінің клиенттеріне жинақ ақшаларын мерзімсіз депозиттерде сақтауды ұсынуда.

Жалпы 2024 жылдың қыркүйек айының басында банктердің мөлшерлемелері өткен аймен салыстырғанда бұрынғы деңгейінде қалды. Тек 2 (екі) банк ғана ұсынған талаптарын төмендеу жағына қарай қайта қарауды ұйғарды.

- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 4%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 0,7 пайыздық тармақтарға (п.т.) дейін;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 6%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 0,4 п.т.-қа дейін.

Нәтижесінде өткен аймен салыстырғанда қыркүйек айында сегмент бойынша орташа мөлшерлеме тамыз айындағы 14,1%-дан қыркүйекте – 14,0%-ға дейін төмендеді. Ал банктердің мөлшерлемелері бойынша іріктеу ауқымы² 0,3 п.т.-қа – қысқарып, 1,2 п.т. құрады (максималды мөлшерлеме – 14,7%, минималды – 13,5%). Аталмыш іріктемеге екі кішкентай банктің мөлшерлемелері енгізілмеді. Бұл банктердің ақшалай қоры негізінен заңды тұлғалардың салымдары есебінен құралады. Сәйкесінше олар мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесін инфляция деңгейінде немесе одан төмен деңгейде ұсынады.

1-графика. Банктердің мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынатын мөлшерлемелері (2024 ж. қыркүйегі)

¹ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

² іріктеменің максималды және минималды элементтерінің арасындағы айырмашылық



Мерзiмдi депозиттер³

Қазiргi уақытта депозиттерге кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы 19 банктiң төртеуi ғана толықтыру құқығы бар мерзiмдi салымдарды ашады. Ұсыныстардың басым бөлiгi мерзiмi 12 айлық салымдар бойынша жасалуда. Ұсынылып жатқан мөлшерлемеердiң ауқымы - 11,9%-дан 13,5%-ға дейiн. Депозиттi 24 ай және одан да жоғары айға орналастыруды тек бiр ғана әмбебап банк ұсынуда. Бұл ретте ұсынылған мөлшерлемелер инфляция деңгейiнен төмен.

2024 жылдың қыркүйегiнде толықтыру құқығы бар мерзiмдi салымдар бойынша мынадай төмендеулер орын алды:


- ✓ активтерiнiң мөлшерi бойынша нарықта алатын үлесi 1%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 6 айлық мерзiм бойынша мөлшерлеменi 0,6 п.т.-қа дейiн төмендеттi.

Мерзiмiне банктер арасында сегмет бойынша мөлшерлемелердiң мәни әртүрлi: айталық, мерзiмi 24 айлық депозит бойынша ең төменгi мөлшерлеме 7%-ды құрайды. Ал мерзiмi 6 айлық депозит бойынша максималды мөлшерлеме 16,4%-ға тең.

Үстiнен ақша салуға болмайтын мерзiмдi депозиттердi 2024 жылдың қыркүйегiнде ешбiр қатысушы банк аспаған.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзiмдi салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. қыркүйегi)

³ мерзiмдiлiк талабына сәйкес келетiн депозит - шарттың талаптары бойынша Әдiстемедe көзделген ең төменгi айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзiмiнен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгiленген сыйақы мөлшерлемесiмен депозит.




Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

19 қатысушы банктің 9-ы үстінен ақша салуға болатын жинақ салымдарды ұсынады. Қыркүйек айында мөлшерлемелер бойынша мынадай өзгерістер байқалады:

- активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 4%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемелерін 1,0 п.т.-қа дейін төмендетті;
- активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 1%-дан төмен 1 қатысушы банк барлық мерзім бойынша сыйақы мөлшерлемелерін ұлғаю жағына қарай қайта қарады.

Қатысушы банктер мерзімі жарты жылдық депозиттер бойынша едәуір тиімді мөлшерлемелер ұсынуда (максималды – 16,5%). Ал мерзімі бір жылдан асатын депозиттер бойынша керісінше ең төмен мөлшерлемелер ұсынуда (минималды - 5,1%).

3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. қыркүйегі)



— Инфляция (жылдық мәнде) ◊ Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер, тамыз 2024 ◆ Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер, қыркүйек 2024



Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер


11 қатысушы банк толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерді орналастыруда ұсынуда.

Тамызда мөлшерлемелер бойынша мынадай өзгерістер байқалады:

- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 5%-дан асатын 1 қатысушы банк – 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді сәйкесінше 1 п.т.-қа және 0,5 п.т.-қа төмендетті;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 4%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 3, 6 және 12 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді сәйкесінше 0,8 п.т.-қа, 1 п.т.-қа және 0,5 п.т.-қа төмендетті;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 4%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 0,3 п.т.-қа көтерді;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 0,4%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – барлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді 1,0 п.т.-тан 2,2 п.т.-қа дейін көтерді.

Өткен айдағыдай бұл сегментте минималды және максималды мөлшерлемелер сәйкесінше 6,3%-ды (мерзімі 34 айдан жоғары) және 18,4%-ды (мерзімі 6 ай) құрайды.

4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. қыркүйегі)



Тұжырымдар. 2024 жылдың қыркүйегінде қатысушы банктердің депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің көпшілігі өзгеріссіз қалды. Тек кейбірі ғана өздерінің депозиттік саясаты аясында мөлшерлемелерді төмендетті немесе көтерді:

✓ мерзисиз салымдар бойынша:

депозиттердің осы түрін ұсынатын 16 қатысушы банктің 2-уі мөлшерлемелерді төмендетті және соның нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме тамыздағы 14,1%-дан қыркүйекте 14,0%-ға дейін төмендетті;

✓ мерзисді салымдар бойынша:

мерзисді салымдар ашуды ұсынатын 4 қатысушы банктің біреуінде 6 айлық мерзис бойынша мөлшерлеменің төмендегені тіркелді және соның нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме тек осы мерзис бойынша ғана төмендеді, қалған мерзисдер бойынша – өзгеріссіз қалды;

✓ толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша:

толықтыру құқығы бар жинақ салымдар ашатын 9 қатысушы банктердің ішінде 1 банк 6 айлық мерзис бойынша мөлшерлемені төмендетті, ал тағы 1 банк барлық мерзисдер бойынша мөлшерлемелерді өсу жағына қарай қарады және соның нәтижесінде 6 айлық мерзис бойынша орташа мөлшерлеме өзгеріссіз қалды, ал қалған мерзисдер бойынша жоғарылады;

✓ толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша:




толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдарды ашумен айналысатын 11 қатысушы банктің 2-уі 3 және 6 айлық мерзисдер бойынша мөлшерлемелеріді төмендетті, 1 банк 6 айлық мерзис бойынша мөлшерлемені көтерді, ал тағы 1 банк барлық мерзисдер бойынша мөлшерлемелерді өсу жағына қарай қайта қарап шықты.

Әдеттегідей халық арасында депозиттердің ең танымал түрі – талаптары икемді және сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары деңгейден төмендеу мерзімсіз салымдар болып қалуда. Ал ең табысты салымдар – мерзім 3-тен 12 айға дейінгі мерзімді және жинақ депозиттер болып табылады.

Осылайша қатысушы банктер өздерінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық саясатын депозит нарығының басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерін және нарықтың жағдаятын ескеріп, салымдардың түрлері мен мерзімдері бойынша мөлшерлемелердің алшақтығын қысқарта отырып, пайыздық саясатын қалыптастырып жатыр. Бұл бәсекелік нарықтың қалыпты жағдайы. 2024 жылдың қаңтарынан бастап, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін едәуір нарықтық реттеу механизмі енгізілген сәттен бастап, мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер негізінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің соңынан ілесуде: көтерілсе-көтеріледі, түссе-түседі. Ал мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер ең алдымен банктердің жаңа клиенттерді тартуға деген қажеттілігіне қарай қалыптасады. Сондықтан да банктер қысқа мерзімді салымдарды тартымды ету үшін, олардың мөлшерлемелерін жоғары деңгейде сақтауда.

Инфляция деңгейі біртіндеп түсіп жатыр: 2024 жылдың қаңтарында 9,5% болса, тамызда 8,4% болды. Демек депозиттік өнімдер бойынша нақты табыстылық айтарлықтай тартымды деген сөз. Оған қоса кепілдіктердің бар екендігін ескеретін болсақ, депозиттер халық үшін ақша жинауда және оны молайтуда ең тартымды, ең қолжетімді және ең қарапайым қаржы құралы болып қала бермек.

ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:

-  теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**
-  теңгедегі өзге салымдар, шоттар, карточкалар бойынша – **10 млн теңгеден;**
-  шетел валютасындағы шоттар, карточкалар ж/е салымдар бойынша – **5 млн теңгеден асырылмайды.**

Егер салымшы бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салым ашқан болса, банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор олар бойыша әрбір салымға қатысты белгіленген кепілдік сомасын ескере отырып, жиынтық өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.